T.C.
ANKARA ÜNİVERSİTESİ REKTÖRLÜĞÜ
İlahiyat Fakültesi Dekanlığı

Sayı :

Konu :

.... / .... / 201

NUR-MUBARAK MISIR İSLAM KÜLTÜRÜ ÜNİVERSİTESİ
İslam Bilimleri Fakültesi Dekanlığına KAZAKİSTAN/ALMATI

11/11/2016

Konu: Akimkhanov Askar Bolatbekoviç'in (PhD) doktora tezi değerlendirme raporu

Nur-Mubarak Mısır İslam Kültürü Üniversitesi İslam Bilimleri Fakultesi Kelam Bölümü PhD doktora öğrencisi Akimkhanov Askar Bolatbekoviç'in "6D021500-İslam Bilimleri" alanında "Ebu Mansur el-Maturidi'nin İman Meseleleri Hakkındaki Görüşü (*Kitâbu't-Te'vîlât* bağlamında)" adıyla hazırladığı PhD doktora tezi ile ilgili değerlendirmelerimi içeren kişisel raporum aşağıda sunulmuştur.

**Rapor**

Ebu Mansur Muhammed el-Maturidi, İslam düşüncesinin teşekkül ettiği ilk dönem İslam alimlerinden biridir. O, Orta Asya bölgesine hakim olan ve el-Maturidiyye adıyla bilinen büyük bir Kelam okulunun kurucusu olarak da Müsülmanlar arasında bilinmektedir. Mühtelif din ve düşünce akımlarına karşı, mensup olduğu dinin ve mezhebin inanç sistemini ortaya koyup savunmuş, bu misyonundan ötürü daha sonraları Ehl-i Sünnet olarak anılan Maturidiyye mezhebinin imamı olarak saygı ve kabul görmüştür.

Kelam ilminde akli düşünceyi temsil eden Maturidiyye'nin, Ehl-i Sünnet'in çok önemli ekolü olduğu, bu ilim dalı ile uğraşan uzmanlarca kabul edilen bir gerçektir. Ebu Hanife ile başlayıp, Ebu Mansur el-Maturidi ile şekillenen bu ekol, itikadi sahadaki problemlere hem akli hem de nakli yaklaşımlar getirmesi açısından gerçekten üzerinde durulmaya ve incelenmeye değer bir meseledir.

Doktora öğrencisi Akimkhanov Askar\ tez çalışmasında Orta Asyalı alim Ebu Mansur el-Maturidi'nin "İman" nazariyesi ve onu ilgilendiren meselelerle ilgili görüşlerini analiz etmektedir. Tez çalışması İmam Maturidi'nin Kuran tefsiri olan Kitâbu't Te'vîlât adlı eseri bağlamında yapılmaktadır.

Tezde klasik araştırmalar ve çağdaş incelemelerden yararlanılarak, tarihi somut belgelere dayanılarak Maturidiye kelam ekolünün Ortaya Çıkışı ve Gelişme süreci aydınlatılmaya çalışılmaktadır.

Maturidi'nin "İman" nazariyesi, onun *Kitâbu't-Te'vîlât* ve *Kitâbu't-Tevhîd* adlı eserleri üzerinden karşılaştırmalı olarak incelenmektedir. Bu konunun bu iki eserde aynı şekilde incelenmesi, her iki eserin İmam Maturidi'ye ait olduğunu göstermektedir.

İmam Maturidi'nin İman hakikatı ve ona bina edilen İman meseleleri hakkındaki görüşleri, onunla aynı dönemde yaşayan Semerkand Hanefi alimlerinin "İman" kavramının tanımını ve "İman" meselesinde kullandıkları argümanlar ile karşılaştırma yöntemi ile tahlil edilmektedir.

Sayı :

Konu :

.... / .... / 201

Çalışmada Ebu Mansur el-Maturidi'nin üç ayrı tahkiki bulunan *Kitâbu't-Te'vîlât* ile iki ayrı tahkiki bulunan *Kitâbu't-Tevhîd* adlı eserleri esas alınmaktadır.

Tezin planı, muhtevası ve ulaşılan bilimsel neticeler bakımından, oldukça uyumlu ve tutarlı görünmektedir. Araştırma planlandığı gibi kompose edilmiştir.

Birinci Bölüm'de "İmam Ebu Masur el-Maturidi'nin hayatı ve düşüncesinin oluşması" problemi, hem teorik hem de tarihsel ve toplumsal açıdan analiz edilmektedir.

İkinci Bölüm'de Maturidi'nin düşünce sisteminde "İman" doktrinin önemi, Maturidi ile Semerkand alimlerinin "İman" teorisi üzerindeki teolojik temellendirmeleri karşılaştırmalı olarak tahlil edilmektedir.

Üçüncü Bölüm'de "İmam Maturidi'nin *Kitâbu't-Te'vîlât*'ında "İman" tartışmaları derinlemesine ve etraflıca incelenmektedir.

Araştırmada tarihi karşılaştırma yöntemi, semantik, etimolojik ve teolojik tahliller yapılmaktadır.

Araştırmanın konusu ile içeriği birbiriyle uyumludur, bölümler ile içeriği mantıkî yönünden tutarlıdır.

Aday, doktora çalışmasında ilgili meseleleri yerli, yabancı ve yazma eserleri kullanarak tarafsız ve bilimsel olarak ortaya koymayı başarmıştır.

Sonuç olarak aday "Ebu Mansur el-Maturidi'nin iman meseleleri hakkındaki görüşlerini, *Kitâbu't-Te'vîlât* ele almakta ve bu konuyu günümüzdeki aktuel sorunları gözönünde bulundurarak incelemekte ve önemli ilmî neticelere ulaşmaktadır. Tez sahibi Akimkhanov Askar Bolatbekoviç'in (6D021500 – İlahiyat (İslamtanu) alanında PhD doktoru ilmi derecesini almaya hak kazandığı, Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanlığının eğitim ve bilim alanındaki kontrol komitesi tarafından kurulan tez sunumu komisyonunda bu tezi savunmaya hazır olduğu kanaatindeyim.

Yurdışı Akademik Danışman:

Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi
İslam Mezhepler Tarihi
Anabilim Dalı

Prof.Dr. Sönmez KUTLU

T.C. ANKARA ÜNİVERSİTESİ İLAHİYAT FAKÜLTESİ DEKANLIĞI 1923

**Т.Р.**
**АНКАРА УНИВЕРСИТЕТІ РЕКТОРАТЫ**
**Иләһият факультеті деканаты**

Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті Исламтану факультеті деканатына ҚАЗАҚСТАН/АЛМАТЫ

11/11/2016

Тақырып: Акимханов Аскар Болатбековичтің Ph.D. докторлық диссертациясын бағалау бойынша баяндама

Нұр-Мүбарак университеті Исламтану факультеті Кәләм/ақида бөлімінің Ph.D. докторанты Акимханов Аскар Болатбековичтің «6В021500-Исламтану» мамандығы бойынша «Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымы (Китәб әт-Тәуиләт атты еңбегі негізінде)» тақырыбында жазған Ph.D. докторлық диссертациясын бағалау мақсатындағы жеке пікірім төмендегідей баяндалған:

## ПІКІР

Әбу Мансур Мухаммед әл-Матуриди ислами ой-сананың қалыптасуының алғашқы кезеңінде өмір сүрген ислам ғұламаларының бірі. Ол мұсылмандар арасында Орталық Азия аймағына кең тараған және «матуридилік» деп аталатын ірі «кәләм» мектебінің негізін қалаушы ғалым ретінде де танымал. Ол әртүрлі діни және пәлсапалық ағымдарға қарсы тұрып, өзі ұстанған дін мен мазхабтың сенім жүйесін алға тартып, қорғағандықтан кейінгі кезеңдерде, «әһл әс-суннә» деп аталатын матуриди мазхабының көшбасшы имамы ретінде дәріптелген.

Кәләм ілімінде рационалдық ой-санаға ерекше мән беретін матуридилік сенім мектебінің сунниттік бағыттың маңызды мектебі екендігі, бұл саланың мамандары тарапынан бір ауыздан мақұлданған. Әбу Ханифадан бастау алып, Әбу Мансур әл-Матуриди арқылы қалыптасып, дамыған бұл мектеп сенімге қатысты мәселелерді ақылға және діни мәтіндерге жүгіну арқылы шешу жолын ұстанатындықтан ерекше мән беріп, зерттеуге тұрарлық нысан.

Докторант Акимханов Аскар ғылыми диссертациясында Орта азиялық ғұлама Әбу Мансур әл-Матуридидің «иман» теориясын және сонымен байланысты мәселелерге қатысты көзқарастарын жан-жақты саралап, талдаған. Диссертация имам Матуридидің Құран тәпсірі «Китәб әт-Тәуиләт» атты еңбегі негізінде жазылған.

Диссертацияда классикалық еңбектер мен заманауи зерттеулерге және тарихи тың материалдарға жүгіну арқылы Матуриди кәләм мектебінің генезисі мен эволюциясы пайымдап түсіндіруге тырысқан.

Матуридидің «иман» теориясы оның «Китәб әт-Тәуиләт» және «Китәб ат-таухид» атты еңбектері негізінде, салыстырмалы талдау әдісімен сараланып зерттелген. Бұл тақырыптың аталмыш екі еңбек негізінде зерттелуі олардың имам Матуридиге тиесілі екенін анық көрсетеді.

Имам Матуридидің иманның түпкі мәні/ақиқаты және соны пайымдаудан туындайтын иман меселелеріне қатысты көзқарастары, онымен замандас болған самарқандық ханафи ғалымдарының «иман» ұғымының анықтамасы және «иман» мәселелері бойынша алға тартқан тезистерімен салыстыру әдісі негізінде талданған.

Ғылыми зерттеуде Әбу Мансур әл-Матуридидің қолжазба мәтініне бір-бірінен бөлек үш түрлі редакциялық зерттеу (тахқиқ) жасалған «Китәб әт-Тәуиләт» және мәтініне екі бөлек редакциялық зерттеу (тахқиқ) жасалған «Китәб ат-таухид» атты еңбектері негізге алынған.

Диссертация жоспары, мазмұмы және қол жеткізілген ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар жағынан алғанда барынша үйлесімді әрі жүйелі екендігі көрініп тұр. Зерттеу жұмысы толықтай жоспарға сай жазылған.

Бірінші тарауда имам Әбу Мансур әл-Матуридидің «өмірі және ілімінің қалыптасуы» мәселесі һәм теориялық, һәм де тарихи және әлеуметтік тұрғыдан жан-жақты сараланып, талданған.

Екінші тарауда Матуриди іліміндегі «иман» доктринасының маңызы, Матуриди мен Самарқан ғалымдарының «иман» теориясы бойынша алға тартқан теологиялық тұжырымдары салыстырмалы әдіс негізінде талданған.

Үшінші тарауда имам Матуридидің Китәб әт-Тәуиләтында «иман» мәселелері терең әрі жан-жақты сараланған.

Зерттеу жұмысында тарихи салыстырмалы, семантикалық, этимологиялық және теологиялық талдаулар жасалған.

Зерттеу жұмысының тақырыбы мен мазмұны бір-бірімен толық үйлесімді, сондай-ақ ондағы тараулар мен олардың мазмұны да үйлесімді әрі жүйелі.

Диссертант докторлық жұмысында отандық, шетелдік әдебиеттерге және қолжазба деректерге жүгіне отырып, объективті түрде және ғылыми тәсілмен тиісті мәселелерді талдап жаза білген.

Қорыта келе, диссертант Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелері бойынша көзқарастарын «Китәб әт-Тәуиләт» негізінде талдаған әрі бұл тақырыпты бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерді ескере отырып зерттеген, және өте маңызды ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Диссертант Акимханов Аскар Болатбекович «6В021500-Исламтану» мамандығы бойынша Ph.D. докторы ғылыми дәрежесін ауға лайық және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан құрылған диссертациялық кеңесте бұл диссертациялық жұмысты қорғауға дайын деген пікірдемін.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Анкара университеті Иләһият факультеті

Ислам мазхабтар тарихы кафедрасы проф., док. Сөнмез Кутлу

**Факультет мөрі** **қолы**

02 ДЕК 2016

Мен, **Абдуллаев Мұхит Әбдіғаппарұлы**, 2007-жылдың 19-қаңтарында Қазақстан Әділет Министрлігі берген №000734 лицензиясымен әрекет етуші, Алматы қаласының нотариусы осы мәтіннің түрік тілінен қазақ тіліне аудармасының дұрыстығын куәландырдым. аудармасының дұрыстығын куәландырамын.

№ 6781 тізілімде тіркелді
Өндірілді:
Нотариус